

балайды». Тығырықтан бірден бір шығар жол – жас буынды оқытып көзін ашу деп түсініп, ақын зиялды қауымды нақты іске шакыра отырып, оған өзі бас болып кіріседі. Мысалы:

*Тұманга кірді қалың, біздің қазақ,  
Арты жар, алды тұйық бұл не ғажап [5, 3].*

Бұл арада ақын сауатсызықты «тұманға» балап жалпы халықтық сипаттағы метафора ретінде қолданылған деуге болады. Көркем шығарма кеңістігіндегі байлық–кедейлік концептілері шенберінде қолданылатын зоонимдік метафоралар тілдік нормаға сәйкес келгендейктен ұлттық қауымдастық өкілдерінің әрбіріне таныс та түсінікті бола қоймай, оны жасаушы автордың, яғни тілдік жеке тұлғаның танымы мен санасынан да мағлұмат береді. Мысалы:

*Жылқыдағы қос қүрең,  
Жылқышыға алдырышы,  
Жыламай, тоқым салдырыши [5,57].*

Осындағы қос қүрең, тоқым салдырыши бірліктерінен байлық концептісінің ұлт дүниетанымында ең алдымен төрт түлікпен, оның ішінде жылқы малымен байланыстырылғанын байқаймыз. Бұл метафоралардың қолданысында абстракт ұғым, яғни, байлықтың мөлшері жанды нәрсемен, нақтырақ айтсақ, жылқымен салыстырып тұр. Ал аталған концепті бейнесінің білдіретін лексикалық бірліктерінің қазіргі дүние бейнесіндегі орнының өзгергендейгін еске түсіру бейнесінің бір орында қатып қалған нәрсе емес керісінше, үнемі өзгеру, даму үстінде болатын құбылыс екендігін дәлелдейді. Себебі, қазіргі байлық өлшемі жылқы емес екендігі мәлім.

Ш.Құдайбердиев, М.Дулатовтар, қазақ әдебиетінде өмірді бейнелі суреттеу арқылы елжүртқа, кейінгі ұрпаққа қош иісі аңқыған керемет метафоралы поэзия сыйлағанына жоғарыда келтірілген мысалдары дәлел. В.Телияның айтуына қарағанда, тілдік метафораның мағынасы талдау мен салыстырулар негізінде тек семасиологиялық аспектіде қарастырылып келгендейктен, метафораның теориясы әлі нақтыланбай келеді.

#### **Әдебиеттер:**

1. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. Алматы, 1973, 212-бет.
2. Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясының бейнелілік-көркемдік жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1991. – 199 б.
3. Балақаев М., Томанов М., Жанпейісов Е., Манаспаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. Алматы: «Дәуір» 2005.
4. Шәкірім Құдайбердиев шығармалары (өлендер, дастандар, қара сөздер). Алматы: Жазушы. 1988, 360бет.
5. Дулатұлы М. Шығармалары. Алматы 1996. – 30 б.

#### *Summary*

*The article presents metaphoric word combinations in the linguistic aspect.*

## **ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ГРАММАТИКАСЫН ҮЙРЕТУДІҢ ӘДІСТЕРИ**

**Сарманова Ф.Т.**

*Қазахстан, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті*

Бүтінгі уақытта қазақ тілін білу – заман талабы екені әр адам қазір өте жақсы түсінеді. Қазіргі ақпарат ғасырында студентке менгерілуі тиісті оқу материалының көлемі орасан зор.

Грамматикалық тапсырмаларды орындау барысында студенттердің ойлау қабілеті дамып, оқу-тәрбие үрдісінде жүзеге асырылады. Әр студент берілген грамматикалық тақырыпты жақсы менгерсе, жеке іскерліктер мен дағдылар, ойлауға үйрену, берілген тапсырмаларды дұрыс жетілдіруге мүмкіндік береді.

Мысалы, септіктерді оқыту – студенттердің күнделікті өмірде дұрыс қолдана білуге үйрету. Қазақ тілінде берілген теориялық білімді практикалық жұмыстармен ұштастырып оты-

ру, студентті өз ойын еркін жеткізуге дағдыландырады. Ал оқытушылардан жаңа әдістерді, шығармашылық ізденистерді талап етеді. Әрбір оқытушының негізгі міндепті- студенттерге терең де, тиянақты білім беру. Ұсынылып отырған әдістер түрлері көп жылдар бойы жинаған материалдардан жасалған.

Оз тәжірибемде сабактағы теориялық білімді практикалық тапсырмаларды орындау арқылы ұштастыра отырып, оның берілу түріне, тәрбиелік, білімділік мазұнына ерекше көңіл бөлемін. Себебі, студенттер бойында белсенділік, мақсат, көздеушілік, жауапкершілікті сезіне білу сияқты саналы көзқарас, жақсы қасиет қалыптасатыны белгілі.

Сабакта грамматикалық тапсырмаларды орындағанда, коммуникативті бағытты дамытып, қарапайым тілде сөйлеуге мүмкіндік береді. Грамматикалық тапсырмалардан басқа шағын мәтіндермен де жұмыс жасауға болады. Оларды түсініп, аудару арқылы тіл дамыту, байланыстырып, сөйлеуді жетілдіру мәселесі қойылып отыр.

Мысалы, Ілік септігін түсіндірген кезде гамматикалық мәліметін беріп, теориялық тақырыпты бекіту үшін арнайы тапсырма беріледі: Ілік септікті сөздермен тіркесетін септеулік шылаулар келесі: *алды, арты, үсті, жсаны, іши, шеті, сырты, басы, соңы, аяғы, ортасы, арасы, бойы, тұсы, тұби, қарсысы* және т.б.

Мысалы: *үйдің алды* – перед домом

*Үстелдің үсті* – на столе

*Гимараттың сырты* – снаружи здания

*Бөлменің ортасы* – середина комнаты

*Көшелердің арасы* – между улицами

*Даңғылдардың бойы* – вдоль проспектов

*Дәрісхананың қарсысы* – напротив аудитории

*Университеттің іши* – внутри университета.

Тапсырма: берілген сөз тіркестерді қазақ тіліне аударыныз.

Перед домод, за зданием, на поверхности стола, около аудитории, возле библиотеки, в тетради (внутри), на краю стола, начало сочинения, конец фильма, середина комнаты, между кабинетами, вдоль проспекта Абая, вершина горы, у магазина, напротив университета, возле нашей улицы, напротив автовокзала, между улицами Алтынсарина и Баймагамбетова, внутри дома, снаружи бани, в середине книги, перед вокзалом, в конце урока.

Тапсырма: берілген сөйлемдерді аударыныз.

1. Их дом расположен перед Акиматом.
2. Внутри университета очень красиво!
3. Ее школа расположена между улицами Алтынсарина и Баймагамбетова.
4. Перед моим домом стоит большой продуктовый магазин.
5. По середине комнаты лежит большой, красивый ковер.
6. Около дома мы посадили большое дерево.
7. Между двумя городами он ездит на автобусе.
8. Верхушка горы была в снегу.
9. Под столом лежали мои книги.
10. Около сотового телефона находились ее очки.

Ал қазақ тіліндегі шақ категориясын оқыту барысында етістіктің шақ формаларының жасалу жолдарын ережені жаттау түрде бермей, тірек сызбалар арқылы үйретудемін. Тірек сызбаларды беріп, студенттерге дәптерлеріне көшіртіп, түсіндіру кезеңіне кірісемін. Ережені жаттап алғаннан гөрі сызбалар көп есте қалатын болады. Бұндай тәсілдер біраз жақсы нәтиже береді.

Қазақ тілін орыс тілді аудиторияға үйрету барысында етістікті менгерту өте қынға туғасынан көрсетіледі. Студенттер шақ категориясын мұқият менгеріп алса, кейіннен сөйлем құрай отырып, төсөліп сөйлеп кетуге жол ашылады. Шақ категориясына байланысты тапсырмаларды орындаған сайын студенттер үнемі тірек сызбаларды бірте-бірте естерінде сақтап, тіпті жаттап алатын болады.

Етістіктің шақ категориясын тірек сызбалар арқылы үйретудемін. Грамматикалық тақырыбы бойынша ұсынылған тірек сызбалар және тақырыпты бекіту үшін берілген жаттығулар бастауыш сатыға арналған. Өзімнің жұмыс тәжірибемде практикалық қазақ тілі сабактарында ұсынылған тірек сызбалар мен практикалық материалдарды үнемі пайдаланып отырамын. Студенттер ережені жаттап алмай, тек қана тірек сызбаларға қарап, сөйлемдерді құрастырып, өз ойларын еркін түрде жеткізе алады. Ережені жаттап алғаннан көрі, студенттер, біріншіден, көзben көріп, еске сактау қабілеттерін арттырып; екіншіден, білімге деген құштарлығын, ынтасын дамытады.

Студенттер ережені тірек сызбалар арқылы ұғып алса, оларды сабакта жиі пайдаланып отырса, оқу жүйесін жақсы түсінетін болады.

Берілген тірек сызбаларды пайдалана отырып, студенттерге грамматиканы кеңінен және керекті ережені қолдануларап мүмкіншілік туғызуға болады. Сабак барысында көп сөйлемей-ақ сабак негіздерін қысқа да нұсқа ұсынып, шығармашылық ой-өріс жүйесін арттыруға жағдай жасалады. Тірек сызбаларды, әсіресе, орыс тілді аудиториясында қолданғанда, жақсы нәтиже береді. Студенттер аудару жұмысын орындағанда грамматиканы оңай түрде қолдана алатын болады.

Тапсырма: сөйлемдерді аударып, етістіктің құрамын көрсетіңіз.

1. Мен хат жазып отырмын.
2. Сіз құжаттарды толттырып отырсыз.
3. Ол ұлken үйде қонақты күтіп отыр.
4. Біз сабакта бақылау жұмысын жасап отырмыз.
5. Сендер ұялы телефонмен сөйлесіп отырсындар.

Тапсырма: берілген сөйлемдерді қазақ тіліне аударыныз.

1. Я отправляю СМС сообщение своей подруге.
2. Арман гуляет с друзьями.
3. Ты свободно говоришь на казахском языке.
4. Она ждет меня дома.
5. Мы пишем письмо своим друзьям в Астану.

6. Қазақ тілін үйренуде грамматика маңызды рөл атқарады. Әр адам өз ойын жекізу үшін, грамматикалық дағдыны жақсы білу керек. Қандай тілді үйренсек те сол тілдің грамматикасын толық игеру үлкен теориялық білімді қажет етеді.

Оқу барысында кейбір студенттер грамматикалық материалды компьютер арқылы жасағанын жөн көреді, ал кейбіреулері окулықтарда берілген жазбаша жаттығуларды орындағанын ұнатады. Үйретудің әдіс-тәсілдері өте көп, сондықтан өз тәжірибемнен алынған әдістерді ұсынудамын.

#### Әдебиеттер:

1. Нурсипбаев Е. Араб тілінің грамматикасын оқыту жолдары. //Методика обучения иностранному языку. – № 3., 2011 – 22-276.
2. Есмамбетова. К. Ағылшын тілі грамматикасын үйретудің оңтайлы әдіс-тәсілдері. //Методика обучения иностранному языку. – № 3., 2011 – 6-7 б.
3. Мухамадиева Н. Грамматиканы оқыту керек пе? // Қазақ тілі әдістемесі. № 6, 2008 – 11-13 бб.
4. Сарманова Ф. Етістіктің шақ категориясын тірек сызбалар арқылы оқыту. //Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының Жаршысы, № 4, 2011 – 176.

#### Summary

The article is devoted to the methods of the study of grammar in kazak language.